



*Археология және этнография – Archaeology and ethnography –
Археология и этнография*

МРНТИ 03.20

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-137-157>

Сынтастардың таралымы және скифтердің миграциясы

Қаржаубай Сартқожаұлы 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kharjaubay@mail.ru)

Аңдатпа. Автор мақаласында ежелгі скуздардың (скиф) алғашқы бабамекені, батысқа миграциясын, онымен қатар Орталық Азияда қалғандары кімдер, гректер «скуз/скиф», парсылар «сақ» деп атаған халық, өздерін не деп атаған деген сияқты өзекті мәселелерді көтерген.

Скуздардың (скиф) бабамекенін бұған дейінгі зерттеушілер Еуропа немесе кіші Азия, халқын парсылар деп қорытынды жасаған еді. Скуз/сақтардың қалдырған Орталық Азиядан Қаратеңіз, Қырым түбегіне дейін (толық емес есеп бойынша) 1551 дана сынтастар, 8000-ға жуық керексур обалар, бірнеше мыңдаған төртбұрыш молалар (плиточные могилы) Алтай, Саян-Алтай, Орталық Монғолиядан, Сібірден табылған ондаған мың петроглифтер сияқты тарихи мұралары ғылыми айналымға кірді.

Мұның барлығы ежелгі скуз/сақтардың қалдырған тарихи-мәдени, әрі рухани мұралары. Автор аталмыш мұраларға түсінік бере отырып, негізгі зерттеу нысаны ретінде сынтастарға (оленные камни) ғылыми зерттеуін бағыттаған.

Жоғарыда сөз еткен Еуразия құрлығындағы 1551 сынтастың ең көнесі Алтай тиіптес мұралар. Сынтастар орналасқан жердің топырағы мен одан табылған жылқының бас сүйегіне жасалған анализдер олардың ж.с.б. XIV-VI ғғ аралығында орнатылғанын ғалымдар анықтап, хронологиясын белгілеген. Автор Алтай сынтастарынан бұрын, Оңтүстік Алтайдағы Шеміршек сынтастары бұған нақты бір дәлел болатынын көрсетеді.

Түйін сөздер: скиф, скуз, оғуз, сынтас, Орталық Азия, Алтай, миграция

Received 11.09.2023. Revised 26.02.2024. Accepted 04.05.2024. Available online 30.06.2024

For citation:

Sartkozhauly K. Distribution of deer stones and migration of the Scythians // Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 147. – No.2. – P. 137-157. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-137-157>

Для цитирования:

Сартқожаұлы К. Распространение оленных камней и миграция скифов // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 147. – No.2. – С. 137-157. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-137-157>

Кіріспе

Ұсынып отырған тақырып әлем археологиясында «бұғытас» деген атаумен орын алған Орталық Азияның ежелгі көшпенділерінің бірегей мұрасы хақында болмақ (Волков. 1981. 1-253).

Бұғытастың маңызын, бүкіл түркі тарихындағы, соның ішінде қазақ тарихындағы орнын айқындауға талпыныс жасауды жөн көрдік. Бұғытастардың 80% ежелгі және байырғы түріктердің бабамекені бүгінгі Моңғолия территориясында орналасқан (Сурет 1 (а, б, в)). (Ц.Төрбат фотосы)



а)



б)




в)

Сурет 1 (а, б, в) Бұғы бейнелі сынтастар (Ц.Төрбат фотосы)


Сынтаспен тікелей байланысты, әрі оның ажырамас бір бөлігі – обалар немесе үйметастар. Бұларды моңғолдар «кірегsegüg» (керексур) деп атаған. Мағынасы «қырғыз моласы» деген түсінік береді. Керексурлар мен сынтастар (бұғытас) бір мәдениеттің құндылықтары. Ресей ғалымдары жергілікті халықтың атауын ғылыми атауға айналдырып бүкіл археологиялық еңбектерде тұрақтандырған.

Керексур дегеніміз төртбұрыш немесе шеңбер тәріздес дөңгелек жыртаның ортасына орналастырған оба – үйметас. Дөңгелек жыртаның диаметрі 6-214 метрге дейін жетеді. Төртбұрыш жырталардың ең үлкені 388x410 метр, шағыны – 2,2x4-6 м болады. Бұл обаның сыртқы жыртасының формасы дөңгелек немесе төртбұрыш болып келеді (Сурет 2). Үйметастың (обаның) астынғы жағына 50-60 см ғана жер қазып, жалпақ таспен мұрдені қоршап шалқасынан жатқызып орналастырған. Мұндай керексурларда материалдық мұралар мүлде болмаған (Амартүвшин, 2018: 56).



Сурет 2. а) Моңғолия жеріндегі ежелгі сақ (скиф = іч оғыз) керексурларының орналасуы (Худяков, 1987: 142) 1 – Ихе-Алын; 2, 3 – Орхон-гол; 4 – Гунжин-дабан; 5 – Дунд-Цэнхэр-гол; 6 – Қызыл-Бостой; 7 – Жуунайн-Булан (Ю.Ц. Худяков сызбасы)

*Обаның сыртын төртбұрыштап немесе дөңгелектеп (шеңберлеп), айналдыра қоршаған тізбе тастарды қазақ тілінде «жырта» деп атайды. Қазақ тұрмысында бар атауды археология ғылымына жаңадан еңгізіп отыр. (Егемен Қазақстан газеті. 2023. 09 қазан)



Сурет 2. б) Тувадағы керексурлар (Худяков, 1987: 142)

1 – Чаа-Холь; 2, 3 – Мугур-Аксы; 4 – Улуг-Хорум; 5 – Шуурмак-Тей; 6 – Халыр;
7 – Чиргаланды (Ю.С.Худяков сызбасы)

Аталмыш қоршауды шығыс және оңтүстік жағына төртбұрыш немесе дөңгелек формалы тәулетін шағын (көлемі 1-6 м) орындарды тастан қалап қатарластыра орналастырған. Мұндай тәулетін орын саны 1-2000-ға дейін болуы мүмкін (Амартувшин, 2018: 59-61; Төрбат, 2021: 193).

Жыртаның ортасындағы керексурдан батысқа қарай тастарды жерге сіңіре қадап, күн шапағы сияқты етіп бейнелеп отырғызған. Ал кейбір кешендерде керексурдан оңтүстікке бағыттап жыртаға дейін жерге тас төсеп жол салған. Бұндай жол үнемі кездесе бермейді. Керексурдың шығыс жағына 10-50 метр аралықта төртбұрыштап жырта жасап (көлемі 2x2; 2,20-3 метр) табиғи жер қыртысына сынтастарды 50-80 см тереңдікке сіңіріп орналастырған (Төрбат, 2021. Т.ІІІ: 194).


Керексурға байланысты ғылыми ізденістер мен анализдерді қысқартып, оның құрамдас бөлігі болған сынтасқа (бұғытасқа) көшелік. Сынтастың құрамдас бөлігі

болған керексурларға байланысты зерттеуімізді кейін арнайы жеке мақала ретінде беретін боламыз.

Ең әуелі сынтастың анықтамасын берелік.

Қола дәуірінің соңы, Темір дәуірінің алғашқы кезеңінде, Орталық Азиядағы (Алтайда) көшпелі қауым ортасынан суырылып шығып елін, жерін, қауымын, халқын қорғап күрескен ұлы қайраткерлерге арнап тұрғызған ұстын (Гантулга, 2021: 105-117).

Төрт қырлы табиғи діңгек тастарды таңдап алып, оның төрт бетін тегістеп, жіңішке қырын бет жағы етіп шығысқа қаратып, адам кейпінде бейнелеген. Ең үлкен сынтастың биіктігі 4 м, ең аласасы 40 см болады. Ұстынтастың ұшар басы қиғаш боп келеді де, тымақтың орнына 2-4 см жалпақ етіп ойып, басын таңған (Сурет 3). Оның аяқ жағына адамның бетінің орнына (қасы-көз, мұрны, аузы) қиғаш үш сызық сызылған. Оның дәл астына сопақ маржан тәріздес етіп ойып, алқаның моншақ тізбектері берілген. Ұстынның орта тұсына белбеу, оған ілген пышақ, ақиға, қаншар, ілмек және садақ, жебе, кетпен, айбалта бос мойын шоқпар, қалқан т.т.с.с. қару-жарақтардың суреті салынған (Сурет 3) Моңғолия-Ішкі Байқал аймағындағы оннан астам ұстынға адамның бас мүсіні бейнеленген (Төрбат, 2021: 193).



Сурет 3. Алтай типінің сынтасы (Ц.Төрбат бойынша).

1. Тымақ орнына басын таңған орамал
2. Сырға
3. Алқа
4. Кетпен
5. Адам беті
6. Қанжар
7. Дөңгелек кесе
8. Жылқы
9. Садақ
10. Белдік, кісе

Осынау бейнелердің өзі-ақ сынтас дегеніміз Ұлы Даланың үш мың жыл бұрынғы сайыпқыран батырларының мүсіні деген түсінік аламыз.

Түркі халықтары бұдан мың жарым жыл бұрын М.Қашқари сөздігінде (М.К. III: 152; индекс: 515) Ресей археологтары «бұғытас» деп атаған нысанды «сынтас» деп атаған. Бұл атау сонау скиф (скуз) дәуірінен солай аталған болуы мүмкін. «Сынтас» деп аталатын жер атауы Оңтүстік Сібірде (Хакасия, Тыба, Саян-Алтай), Қазақстан, Шығыс Түркістан, Моңғолия, Қырғызстан территориясында көптен кездеседі. Сынтастардың алғаш пайда болған Алтай ареалында ұстын тастарда бұғы бейнесі қашалмаған. Осы тарихи ерекшелігін еске ала отырып жат жұрттық ғалымдардың еш жауапсыз атай салған «бұғытас» атауын біз «сынтас» деп алуды жөн көрдік.

Материалдар мен әдістер

Мақалада бұған дейін скиф тақырыбында қаузалған археология, тарих, тіл білімі, палеоэтнографиялық анализдерден өткен зерттеулерді пайдалана отырып синтез жасалған.

Ж.с.б. 3500-2000 жыл бұрынғы заттық деректерді негізгі зерттеу нысанасы ретінде алып индукция және дедукциялық жалпылама ғылыми әдістемелерді пайдалана отырып, идентификациялық салыстырма жасап, пәнаралық ұқсастығын, сабақтастығын қарастырған. Тарихи мұраға классификация жасап талдау жүргізілген.

Мақалада археологиялық мұраның сипаттамасы беріліп, тарихи-типологиялық, тарихи-фонологиялық, диахрондық-салыстырмалы, синхрондық-салыстырмалы әдістемелер қолданылған.

Талқылау

Сынтастарды алғаш ғылым әлеміне жария еткен Г.Н. Потонин (Потонин, 1881: 47-55) В.В.Радлов (Радлов, 1892: Таблица I-III), Ю.Д.Талько-Грынцевич (Талько-Грынцевич, 1928: 3-4) сияқты XIX ғасырда құжаттандырған саяхатшы-зерттеушілердің еңбегінен бастап, жүзден астам ғылыми еңбектермен ең соңғы мәрте жарық көрген Ж.Баярсайханның «Солтүстік Моңғолиядағы сынтастар» (Баярсайхан, 2017) атты ғылыми монографияларына дейін сүзіп қарастырдық. Онымен қатар осы жолдар иесінің 40 жыл бойы моңғол даласын кезіп, байырғы түркі жазба деректері мен тарихи құндылықтарын іздестірген экспедиция кезінде арнайы көңіл бөліп белгілеген 60-қа жуық сынтастардың сипаттамасы туралы жазбаларымызды да пайдаландық. 2021 жылы Ц.Төрбат бастаған Моңғолия археологтар тобы Моңғолия мемлекеті мен көршілес Ресей (Сібір, Саян-Алтай), Қазақстан, Еуропаға дейін тараған 1551 дана сынтастарды қамтып, құжаттандырып, фото, сызба суретін, сипаттамасын жасап, үш том көлемінде ғылыми каталог ұсынды (Төрбат.Ц. 2021. III 3-бет).

Ц.Төрбат басшылық етіп құрастырған осы сынтас (бұғытас) жинағында олардың Ресей, КХР, Моңғолия, Қазақстан ғалымдарының еңбектерін пайдалана отырып 1551 сынтастың ерекшеліктерін, ұстын бетіндегі аң стиліндегі бейнелерін, қару-

жарақтарының фото, сызба суреттерін толық сипаттамасын берген. Онымен қатар шығысы Кентай жотасынан (Моңғолия) Қаратеңізге дейін тараған сынтастардың классификациясын жасаған кезде ғалымдардың еңбектерін толық пайдаланған (Төрбат. Ц. т.б.т III қосымша IV бөлім, 253-410 бет).

*Ғылыми әдебиеттерде «Тува» деп қалыптастырған Тувалар өздерін «Тыва» деп атайды.





Олар: М.Х. Маннай-Оол (Маннай-Оол, 1968: 139-146), С.И. Вайнштейн (Вайнштейн, 1974: 29-32), В.Д. Кубарев (Кубарев, 1979а: 163-169; 1979б: 42-83), В.В. Волков (Волков, 1981: 102), Э.Н. Новоградова (Новоградова, 1975: 288-291; 1989: 201), Д.Г. Савинов (Савинов, 2007: 105-107; 1978: 72-84; 1980; 1994), Ю.С. Худяков (Худяков, 1987: 136-1 (2)).

Осы ғалымдардың жасаған классификациясын авторлар тобы талқылай отырып В. В. Волков, Э.Н. Новоградовалардың ұсынысын қабылдаған екен.

Нәтижесінде ж.с.б. XVI-VI ғғ. аралығында Орталық Азиядан Шығыс Еуропаға дейін тараған көшпелілердің аң стилді 1551 сынтастың классификациясын төмендегідей алып қарастырып ғылыми айналымға енгізген:

1. Евразия типтес сынтастар (ЕВ) – 771 дана;
2. Моңғолия-Ішкі Байқал және аралас типтес сынтастар (МІБ) – 609 дана;
3. Саян-Алтай типтес сынтастар (СА) – 161 дана (Сурет 4).

Мұндағы «Евразия типтес» дегенді «Алтай типтес» деп алғаш пайда болған ареалдың атаумен атаған дұрыс болар еді.

Алтай	Моңғолия-Ішкі Байқал (МБ)	Аралас (А)	Саян-Алтай (СА)
			

Сурет 4. Бұғытастардағы (сынтастардағы) бейнелер (Ц.Төрбат классификациясы бойынша)

Сынтастарда бейнеленген суреттерді, абстракт сұлбаларды салыстыра қарастырғанымызда аталмыш классификация тым ауытқып кетпегеніне көз жеткізгендейміз (Сурет 5). Тек қана атау берген кезде аздап субъективтік ұстанымды негіз еткен.

Группа	Тип	Подтип	Вариант	Количество, экз.	Размеры, м	Территория
I				2	30x0,2	Монголия, Тува
II		1		1	66x1	Тува
				2	30x1,5	Монголия, Тува
	2	1		9	20x0,5	Алтай, Монголия, Тува
				2	57x1	Тува
				24	40x1	Алтай, Монголия, Тува
	3	1		19	32x1	Монголия, Тува
				198	30x1	Забайкалье, Монголия, Тува
				14	25x0,5	Монголия, Тува
				5	16x1	То же
	4	1		3	25x1	Алтай, Тува
	5	1		1	45x1	Монголия
	6	1		7	48x1,2	Монголия, Тува
				4	30x1	То же
			8	25x0,4	— —	
	2		75	25x1	Забайкалье, Монголия, Тува	
7	1		1	15x1	Тува	

Сурет 5. Керексурлардың классификациясы
(таблица Худяков Ю.С. еңбегінен алынды (Худяков, 1987: 145))

Алтай сынтастарында адамның бет бейнесін (қасы-көз, мұрны, аузы) қиғаш үш сызықпен (\\), алқалары мен сырғаларын өзге екі топтан біраз айырмашылықта бейнеленген. Ал қару-жарақтары тым қарапайым суреттелген. Мұндағы таңқаларлық жағдай Геродоттың аңызындағы аспаннан алтын кетпен, алтын алқа, алтын айбалта, алтын кесе түсті деген аңыздағы 4 мұраның кеседен басқасы сынтаста бейнеленген. Мүмкін бұл кесе емес қалқан болар. Ежелгі латын тілінен аударғанда қателескен болуы мүмкін. Мүсіннің оң қолына кесе ұстату көк түріктерде сақталған.

Саян-алтай сынтастарында Алтай дәстүрін сақтай отырып, ондағы бейнелерге жан-жануарлардың бейнесін табиғи түрде қашап берген. Саян-алтай сынтастарындағы бейнелер арқылы өнер шеберлігі Алтай кезеңінен бір саты көтерілгені көрініп тұр. Бұл дегеніңіз сол дәуірдегі қоғам дамуына сай заманауи бола бастағанын көрсетеді.

«Моңғол-Ішкі Байқал типтес» деген атауды дұрыс бере алмаған. Бұл топқа Байқал тарапынан сегіз-ақ сынтас кірген. Сондықтан «Ішкі Байқал» деген атау артық. Оның орнына «Солтүстік Моңғолия» деп атаса дұрыс болар еді.

Моңғол-Байқал, аралас типтер кезеңінде біраз сынтастарда адамның бас мүсіні табиғи түрде бейнеленген. Қару-жарақтары жетілген, символика мен таңбалардың алғашқы элементтері пайда бола бастаған. Онымен қатар 2, 4 ат жеккен 2 доңғалақты арбалар бейнеленген. Мұның барлығы сол дәуірдегі скифтердің күн сайын қолданыста болған материалдық құндылықтары.

Моңғолия-Ішкі Байқал кезеңінде Алтай, Саян-Алтай дәстүрін сақтай отырып жан-жануардың бейнесін абстракт түрде бейнелеген. Бұл дегеніңіз сол дәуірдегі адамдардың абстракт түрде ойлау, ой қорыту деңгейі бұрынғымен салыстырғанда біраз көтерілгенін көрсетеді. Ойлау дегеніміз адамдардың даму үстінде зор кемелділікке жеткен материяның жемісі.

Біздің салыстыра қарастырып отырған нысанымыздың арғы қайнар көзі, шығу тегі, қандай мәдениеттен басталды деген сұрақ туындайды. Мұны да ғалымдар біраз қарастырған екен. Солардың ішінде РФ ғалымы А.А.Ковалев Ұлы Алтайда скиф типтес шеміршек мәдениетінің қауымдары болғанын, оған байланысты археологиялық деректерді іздеп, тауып, анализ жасап дәлелдеп берген (Ковалев, 2000: 135-138; 2000: 138-180; 2001: 160-166; 2011: 70-84).

Тұжырып айтсақ Шығыс Манчжуриядан оңтүстігі Хуанхэның (Сарыөзен) екі жағалауын мекендеп қытайларды солтүстіктен қапсыра қоршай орналасқан көшпелілер, Орталық Моңғолия, Алашань құмы, Алтай, Саян-Алтайдан Орталық Азия, Кавказға дейінгі аймақта мекендеген тұрғын (автохтоны) қауымдар скифтер (скуз). Бұған дейін жасалған анализдер мен зерттеулерді жинақтап, синтез жасап, іш-оғуздардың атажұртын, этникалық тегін, өмір сүрген дәуірін, миграциясын айқындауға талпындық.

Нәтижелер

Енді осы скиф атауына анализ жасап көрелік.

Скиф атауы әр дәуірде әртүрлі тілде, әртүрлі аталған бір ғана ежелгі этностың атауы. Орыс ғалымдары Геродоттың «Тарих-наме» атты түпнұсқасындағы Σκυθης деген атауындағы θ шрифтісін «ф» (f) деп оқып келген-ді.

Бүгінге дейін біздер орыс әдебиетіне сүйеніп «скиф» деп танып, қабылдап келген этноним ежелгі Геродот нұсқасында Σκυθ деп белгілеген атауды америкалық ғалым Е.Х.Миннс (E.H.Minns) скуз (skuz) деп оқып дұрыстап берді. Геродоттың «Тарих-наме» атты еңбегіндегі «skuz» атауын ары қарай жаңғыртсақ skuz > aš kuz > iš guz > ič oғuz» болады (Minns, 1971: 112, 115; Гасанов, 2002: 54; Закиев, 2008: 221).

Ассириялық Накши Рустем шатқалындағы жартасқа жазылған және Бехистун (VI-V ғғ.) жазбаларында «aš-guz» деп белгіленген. Бұл атау Геродоттың «Тарих-намасындағы» нұсқамен бірдей болумен қатар Е.Х.Миннс, М.Закиев, З.Гасанов сияқты ғалымдардың жаңғыртпаларын тарихи тұрғыда дәлелдейді.

Бұл анализдер бұған дейін әр тілде әртүрлі белгіленген скуз (скиф) атауы ғалымдардың ізденісі нәтижесінде ежелгі түрік тілінде «оғуз» деген атау екен. Ғалымдардың көп жылғы зерттеуі нәтижесінде байырғы түрік атауы өз орнын тапқанына көз жеткіземіз.

Түрік тарихын зерттеген көптеген ғалымдар оғуздардың (скиф) ұрпақтарының бірі хундар ежелгі оғуздар болуы мүмкін деп пікір білдірген. Олар Н. Я. Бичурин (Бичурин, 1950: 49-57, 223, 225), Л. Н.Бернштам (Бернштам, 1935: 33-34), В. С.Таскин (Таскин, 1968: 129-130), С. П.Толстов (Толстов, 1948: 175-216), Л. Д. Ельницкий (Ельницкий, 1947: 238), Ма Шан Шоу (Шан Шоу, 2005: 25), Ма Лицин (Лицин, 2005: 82), Яо Вэнь-Юань (Вэнь-Юань, 1958: 28-31) сияқты әлемге танымал ғалымдар.

Аталмыш ғалымдардың пікірімен санасатын болсақ хуннулар шығыс оғуздар болады да скиф деп түсініп келген іш-оғуздар (царские огузы) батыс оғуз болады. Бұл болжамды кейінгі ғалымдар жалғастыратынына сенімдімін.

Өйтсе, бұл халықтың ежелгі тарихын жаңғыртатын жазба деректер гректің Геродот, Страбон, қытайдың Сыма Цянь, Бан Гулардың еңбегінде белгіленген.

Сынтастардың хронологиясын белгілеуге 1920 жылдардан бастап ғалымдар кірісе бастаған. Г. И. Боровка (Боровка, 1927), Г. П. Сосновский, А. П. Окладников, Н. Диков, Ю. С. Гришин іспетті ғалымдар 1940-1950 жылдары ұсыныстарын білдіріп ж.с.б. VII-II ғғ. деген пікір айтқан. В. В. Волков, Э. Н. Новоградвалар (Новоградова, 1975: 84) Карасук кейіпті қару-жарақтарымен салыстыра қараса, М. П. Грязнов, М. Х. Манай-Оолдар Аржан қорғанынан табылған сынтастардағы бейнелерге сүйеніп ж.с.б. XII-IX ғғ. құндылықтары деген пікір айтты.

Кейінгі жылдары моңғол археологтары 7818 керексурды (обаны) тізімдеп, соның ішінен 5070-ін таңдап алып, оның ішінен 121 керексурға қазба жұмысын жүргізіп, одан табылған жылқының тісі, көмірлерді шетелдерге хронологиясын белгілетуге жіберген. Солардың 55 данасы нәтиже берген (Амартүвшин.Ч, Цэлхаграв. SA. Том.37. 57-бет.2018).

Америкалық ғалым В.Фицью (Fitzhugh V.) мен археолог Ж. Баярсайхандар 24 керексурдан шыққан жылқының тісіне, обадан шыққан көмірге 2009-2012 жылдары радиокарбон анализін жасатқан (2009, 2011, 2012, 2013, 2017). Америкалық В.Тейлор (W.Taylor) Ж. Баярсайхан және басқа археологтармен бірге жұмыс жасап сынтастар мен керексурлардың хронологиясын белгілеген (Taylor et al, 2015: T.XVI. Fasc 8; 2017: 49-58).

Алтайдың Цаган-Асғадан алған сынама ж.с.б. 1325-1113 жж., Могойт сынамасы XIII-X ғғ., Сағсай сынама ж.с.б. XV-X ғасырларды көрсетті. Ал Солтүстік Моңғолиядағы Көбіскөл сынама ж.с.б. 1325-1113 жылдарды Завханның Өгөмөр сынама ж.с.б. 1214-1055 жылдарды көрсетті.

Ең төменгі межені Ховда аймағының Қарағобы ж.с.б. 980-800 жж., Бұлғын аймағының Дархан-ула ж.с.б. 803-589 жж., ж.с.б. 829-776 жылдарды көрсеткен.

Бұл анализдер әрине толық емес. Әлі де көптеген керексурларды қазып жаңадан табылған органикалық архетиптерге анализ жасау керек. Әзірге сынтастар мен керексурлардың хронологиясын ж.с.б. XV-VI ғғ. деп белгілеуге болады.

Көшпелі қауымдар үлкенді кішілі бірнеше ондаған билікке топтасқан. Әрбір аймақты басқарған тәуелсіз өз-өз билігі және билік жүйесі болған. Скифтердің билігі үштік жүйемен қалыптасқан. Қараңыз. Тарғытай (Тұрғақ), одан үш ұл – Липоксай, Арпоксай, Колаксай. Колаксадан үш ұл. Осы үш ұлына Колаксай халқын бөліп беріп басшылық еткізеді (Г. IV. 6). Бұл жүйе 3000 жыл жалғасып ең соңында Қазақ хандығымен аяқталады. Кейде аса ауқымды аймақты иеленген қуатты билік құрған замандары да болған. Ол туралы Қытай тарихының атасы Сыма Цянь: «Шүн Вэй әулетінен (ж.с.б.2250 жылдары) Түмен Шаньюйге дейінгі мыңжылдықта (ж.с.б. 2250 жылдары. Алтайдағы Шеміршек мәдениеті заманынан бастап) «хундардың арғы бабалары бірде бас қосып елдік құрса, бірде өз ішінен іріп бас-басымен босып кетіп жатты» деп хунну баянында жазып қалдырған (Сыма Цянь. 110 бума). Бұл аса ойландыратын дерек. Теле-оғуздар (қыт. Ди, дили, динлин, ху, у-ху) ж.с.б. XVI-III ғғ. аралығында Ұлы Алтайдың оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс бөлігінде (бүгінгі Қазақ Алтайынан бастап шығыстағы Алашань Құмына дейін 2900 км), Саян-Алтай, Байқал, Орталық Моңғолияның территориясындағы Хангай, Кентай жотасында өмір сүріп тұрғанын мәлімдеумен қатар бір билікке топтасқанын сөз етіп отыр.

Қытайдың Сүй патшалығының «Сүйшу» жылнамасының 84 бумасында: «Маньжур даласынан батыстағы Самарқандыға дейін сай-сайдың саласында, өзендер мен көлдердің жағасында далалар мен таулардың арасында қалың телелер (оғуздар) өмір сүреді дей келіп 50-ге жуық тайпалар мен бектіктерді, хандықтарды атайды (Еженхан, 2006. Т. IV. 84 цзюань: 54-64).

Жоғарыдағы археологиялық және қазба деректер бұған дейін скуз, сақ деп келген халықтар, оғуз-түріктер екенін дәлелдеуі скуз (скиф) тарихын жаңғыртуға үлкен өзгеріс алып келді.

Өйтсе, сынтас мәдениеті Ұлы Алтайда (төрт тарапында) пайда болғанын тарихи мұраның өзі дәлелдеп беріп тұрғандай.

Жоғарыдағы классификацияға көз жүгіртсек, Солтүстік Моңғолия, Саян-Алтайдағы сынтастардан Алтайдағы сынтастардың саны да мол. Онымен қатар Қаратеңізге дейін қоныс аударған скуздардың (оғуздардың) жасап қалдырған сынтастары Алтай типінің сынтастарының дәстүршілдігін, сабақтастығын дәлелдейді. Алтай кейіптес сынтастарда бұғы бейнесі мүлде жоқ.

Орталық Моңғолиядағы сынтастардағы негізгі басым бейне (образ) бұғы бейнесі. Өйтсе, мұндағы скуздар (оғуздар) бұғы тотемді қауым екенін көрсетеді.

Жоғарыда сөз еткеніміздей Қытайдың солтүстігін, батыс-солтүстігін қапсыра қоршай орналасқан көшпелілер мен қытайлар арасындағы келіспеушілік жерге байланысты болды. Көшпелілер Сарыөзеннің оң жағалауынан Ұлы жазыққа дейінгі жерге ауыз сала бастады. Осыдан барып қытайлар көшпелілерді солтүстікке айдап шығып, ірге кеңейту саясатын қолданды.

Ең әуелі Инь, Шан дәуірінде (ж.с.б. XVI-XII ғғ.) Сарыөзеннің солтүстік жағалауына көшпелілерді ығыстырып шығару саясатын жүргізді. Одан кейін Ұлы Құмға дейінгі жерлерді иеленіп көшпелілерді солтүстік пен батысқа ығыстырып ірге кеңейтуді қолға алды. Бұл саясат мың жыл бойы жалғасты. Екі тараптан қан да төгілді, қатерлі зардап та көп болды.

Бұл жұмыс оңайшылықпен біткен жоқ. Тек қана ж.с.б. XVI ғасырдың соңында Қытайдың Инь патшалығы Турфан (Туран) тайпалық одағына 4 мәрте, Куфан тайпасына қарсы 20 мәрте шабуыл жасаған. Қытайдың батысы мен солтүстігінде адам саны экономикалық күш-қуаты мықтысы осы Гүйфандар еді. Гүйфандарды Қытайдың Жоу, көктем-күз жауласқан бектіктер дәуірінде әртүрлі атаулармен атады. Онда Ди, Рун (Жун) Сюнюнь, Хунь-и Хун, Таулық Рун, Бөрілі Рун т.т.с.с.

Аталмыш дәуірлерде көшпелілер мен қытайлар мың жыл бойы үнемі соғыс үстінде болумен қатар Қытай князьдары елінің басын қосу мақсатында көшпелілердің көмегіне де үнемі жүгініп отырды.

Көшпелілердің Таулық Рун, Бөрілі Рун хандық заманында Қытай патшалықтары өздері белсенділік танытып шартқа отырып, көшпелілерге пайдалы баптар енгізіп, бейбіт қатар өмір сүруге шақырып отырды.

Жоғарыда керексурлар, сынтастар ежелгі скифтардың материалдық және рухани мәдениетін, соның ішінде дүниетанымы, шаруашылығынан мол ақпарат беретін мұралар екенін сөз еттік.

Мәдениет дегеніміз сол халықтың тарихы. Халықтың тарихымен танысу дегеніңіз мәдениетімен танысу деген сөз.

Орталық Азияның Моңғол үстіртінде, Алтайда, Оңтүстік Сібірде (Саян-Алтай) жасалған сынтастар Еуропадан шығуы бұл халықтың қоныс аударуын дәлелдеп тұр. Қоныс аударудың себептерін айтсақ:

1. Скифтердің (скуз ≈ оғуз) қоныс аударуы сыртқы күштердің әсерімен қатар, Ұлы Даланың байлық жинаған шонжарлары бірін-бірі менсінбеу;
2. Орталық және Орта Азияның Ұлы Даласының, ондағы халықтың өсімі, малының молаюына байланысты жайылымға ыңғайлы жерлерінің тарыла бастауы;
3. Адам капиталы қуатты, экономикасы мығым тайпалар мен тайпалық одақтар ортақ үйден, оңаша отауды жөн көріп бөлініп кетіп отырды;
4. Шығу тегі, бұрынғы ірілігін қалыпқа келтіру мақсатында текті тайпалар «тайпа намысы» атты ұран көтеріп бөлініп-жарылып жаңа жер іздей бастады;
5. Орталық Азияның қатал табиғаты қарапайым мал шаруашылығын әлсін-әлі жұтқа ұрындыруы ерекше әсер етті.

Осылайша Ұлы қоныс аудару үдерісі жүргізіле бастады. Ол туралы Геродот: «Скифтер (скуз ≈ оғуз) IX-VIII ғғ. Қаратеңіздің солтүстігіне, Азов теңізінің жағалауына келіп жетті (Г. IV. 11) деген ақпаратын тарихшы Р.Гроссе Понти даласына Түркістаннан, Сібірден келгені археологиялық деректер арқылы анықталуда» дейді (Grousset, 1997: 6). Қаратеңіздегі киммерлер (скиф) аса мол жылқылы болған. Олар жылқы сауатынын грек тарихшысы Гесиод таңқалып жазады. Гесиод VIII ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы.

Геродот еңбегінде скифтердің (скуз ≈ оғуз) Азиядан келгендігі туралы үш түрлі аңыз келтіреді. Олар ондаған тайпадан тұратынын, саварматтарды амазонкалар басқаратынын, амазонкалардан құралған армия болғанын сөз етеді.

Скифтердің қоныс аударуының басында массагеттер тұрғанын Геродот еңбегінде көрсеткен. Онда массагеттер скифтерді ығыстырады, скифтер киммерліктерді ығыстырып Қаратеңіз жағалауына келуіне ықпал еткен.

Осы тарихи қоныс аударудың нәтижесінде украин ұлтын қалыптастыруға оғуздардың (скуз) қосқан үлесі де, рөлі де мол болды.

Археологиялық артефактілерге жүгінсек, ж.с.б. VI-IV ғғ. тұрақты қонысы қалыптасып қойған сияқты. Орталық Азияның оңтүстігі Гансу, солтүстігі Сібірден бастап (Орталық Моңғолиямен бірге), батыста Дунайға дейінгі алып аймақты иемденіп үлгірген. Геродоттың «Тарих-намасында» скифтер (скуздар) аса үлкен аймақты алып жатты. Қиыр Шығыстағы Тынық мұхиттан Еуропаға дейінгі территорияны иеленген деп көрсеткен. Бұл территорияны көшпелілердің дәстүрлі үштік жүйесіне салып бөліп қарастырсақ:

Бірінші аймақ – Дунайдан Каспидің оңтүстігіне дейін аймақты алып жатқан сақтар (скуз). Оларды «Сака Хумарака» деп атаған. Е.Х.Миннс «біздің сақ» деп аударған. Соған қарағанда сол заманда парсы тілді болып үлгерген болуы мүмкін (Гасанов, 2002: 4-56).

Екінші аймақ – «Сака Тиграхауда». Арал ауданында, Сырдарияның төменгі жағында жайғасқан. Е. Х. Миннс «шошақ тымақты» деп аударған (Minns, 1971: 22). Сырдарияның жоғарғы жағы Жетісу бойында массагеттер, дайлар орналасқан. Еділ, Каспий маңында сарматтар мекендеген.

Үшінші аймақ – «Сака Тарадрава». Олар тұрғын скифтер. Атауы сөзбе-сөз «теңіздің арғы жағындағы сақтар» деп аударылады (Minns, 1971: 112). Мұнда исседондар, аргипейлер және Алтайда алтын қорыған аримаспийлер. Тасмола мәдениеті осылардың қалдырған құндылықтары.

Үшінші аймақ «теңіздің арғы жағындағы сақтар» деген атауына үңіле қарасақ «алыстағы сақтар» деген мағына береді. Геродот еңбегінде оларды Индоеуропалық Иран тіл тобына енгізбеген. Тұрғын сақтар деп атаған.

Скуздардың (іш-оғуз) әлем өркениетіне қосқан үлесі мол. Соның бірлі жарымын еске сала кетсек:

1. Жануарлар стиліндегі бейнелеу өнерін адамзат өркениетіне қосты;
2. Далалық соғыс өнерін Еуропаға әкелді;
3. Алғаш рет адам атты пендені атқа отырғызу үшін, олардың бұтын жауып шалбар кигізді;
4. Алғаш мәрте ерді ойлап тауып іске қосты (Холдингер, 1997: 18; Гасанов, 2002: 28).

Скифтердің түркі халықтарының ортасында сақталған ырымдары, дәстүрлері:

1. Елбасқарудың үштік жүйесі. Оң, сол қанаты және ішкі (Орда). Бұл саяси жүйе ж.с.б. XVI ғасырдан бастап б.з. XV ғасырда билік құрған Қазақ хандығына дейін жалғасты;

2. Жауларын, дұшпандарын соғыс алаңына шақырғанда құпия символдар қолдану. Дарий патшаға саварматтың амазонкалары құстың қауырсыны, тышқан, бақа және бес жебе жіберген. Оның мағынасы қарсыласы тышқан болып інге кірсең де, құс болып келіп іліп әкетемін, бақа болып көлге түссең де, садақ жебесімен атып түсіремін дегенді білдіреді. Бұл дәстүрді кейінгі көшпелі хандықтар үнемі қолданып жалғастырған;

3. Дұшпанының басын кесіп, бас сүйегін күміс немесе алтынмен қаптап сусын құйып ішу. Бұл да оғуз-түріктердің дәстүріне айналған. Хундар, сияньбилер, түріктер, Найманның Таян ханы т.т.с.с. хандар жалғастырған;

4. Найзаның ұшар басына қыл байрақ байлау;
5. Найзасының қыл байрақ байланған сабына ту қоса байлап, кернай, сырнай тартып жауының үрейін алу;
6. Ұлықтарға, ұлы қарияларға бас тарту дәстүрі осы скуздардан (іш-оғуздардан) бастаған;
7. Соғыста ерекше ерлік көрсеткен батырларға хан тарапынан арнайы алтын ыдыспен сарқыт ұсыну дәстүрі біздің дәуірімізге дейін жалғасқан.

Қорытынды

Қола дәуірінің соңы, Темір дәуірінің алғашқы кезеңінде ежелгі оғуздар (іч-оғуз ≈скуз) баба мекені – Орталық Азияда жасап қалдырған керексурлары мен сынтастары олардың тарихын жаңғыртатын бірден-бір материалдық және рухани мұрасы. Сынтастар сол дәуірде елін, жерін, халқын қорғаған батырларына, көсемдеріне арнап қойылған ұстын.

Осы ұстындар Орталық Моңғолияның Хангай, Кентай, Алтай, Оңтүстік Сібірден бастап Қаратеңізге дейін, ежелгі оғуздардың жүріп өткен аймақтарында тұрғызылған. Сол арқала скифтердің (оғуздар) миграциясын белгілеуге мүмкіндік туғызды.

Онымен қатар ежелгі хундар аталмыш скифтердің (оғуздардың) Орталық Азияда қалған бір бөлігі екенін сынтастар дәлелдеп берді.

Список литературы

Fitzhugh W. Pre-Scythian khirigsuurs, deer stone art, and Bronze Age cultural intensification in Northern Mongolia. In: Hanks, B. & Linduff, K. (Eds.) New research directions in Eurasian steppe archaeology: the emergence of complex societies in the Third to First Millennium BCE. Cambridge: Cambridge University Press, 2009: 378-411.

Fitzhugh W. The Mongolian deer stone-khirigsuur complex: dating and organization of a Late Bronze Age menagerie. - In: Bemmann, J., Parzinger, H., Pohl, E. & Tseveendorzh, D. (Eds.) Current archaeological research in Mongolia. Vor- und Frühgeschichtliche Archäologie. – Bonn: Rheinische Friedrich-Wilhelms-Universität, 2009: 183-199.

Fitzhugh, W., Bayarsaikhan, J. Mapping Ritual Landscapes in Bronze Age Mongolia and Beyond: Interpreting the Ideoscape of the Deer Stone-Khirigsuur Complex. -In: Mapping Mongolia: Situating Mongolia in the World from Geologic Time to the Present. Vol. 2. Paula L.W.Sabloff (ed.). - Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 2011: 166-192.

Fitzhugh, W., Kortum R., Bayarsaikhan, J. (2012). Rock Art and Archaeology: Investigating Ritual Landscape in the Mongolian Altai. Field report 2012. Washington. 2012

Frohlich, B., Amgalantugs, Ts., Littleton, J., Hunt, D., Hinton, J., Erdene, B., Dickson, M., Frohlich, T., Goler, K. (2008) Bronze age burial mounds (khirigsuurs) in the Khovsgol aimag, Mongolia: A reconstruction of biological and social histories. - Studia Archaeologica. Tom. XXVI(VI), Fasc. 6: 92-114.

Frohlich, B., Amgalantugs, Ts., Littleton, J., Erdene, B., Hunt, D., Nittler, E. Karstens, S., Frohlich, Th. and Galdan, G. (2010) An Overview of Theories and Hypothesis pertaining to Mongolian Bronze Age Khirigsuurs in the Khovsgol aimag, Mongolia. - Studia Archaeologica. Tom. XXIX(IX), Fasc. 6: 123-143.

Gantulga, J. (2013) Distribution and Study of Deer Stones in Mongolia. - Great Migration of Peoples, Settlement of South-East Asia and Far East, 3000-2000 BCE. International Conference, 2013, Seoul, 2013: 85-88.

Hildinger E. Warriors of the Steppe: a military history of Central Asia, 500 B.C. to 1700 A.D. New York: Sarpedon. 1997

Makhmud Kaşgari. Divanü lugat-it-Türk. Tercümesi. Çeviren Besim Atalay. T.I-III. Ankara. 1986

Minns E.H. Scythians and Greeks: a survey of ancient history and archaeology on the north coast of the Euxine from the Danube to the Caucasus. Cambridge: University Press. 1913

Takahama Shu. Research of Ulan Uushig I (Uushigiin Övör) in Mongolia and newly acquired 14C data // Древние культуры Монголии и Байкальской Сибири. Центральная Азия и Прибайкалье в древности. Улан-Удэ, 2010. Вып. IV

Taylor W., Bayarsaikhan Zh., Tuvshinjargal J. Archaeozoology and horses transport in the Deer stone-Khirigsuur complex // Нүүдэлчдийн өв судлал. УЛАН-БАТОР, 2015. Т.XVI.Fasc.8

Taylor W., Jargalan B., Lowry B., Clark J., Tuvshinjargal J., Bayarsaikhan Z. Bayesian chronology for early domestic horse use in the Eastern steppe // Journal of Archaeological Science. 2017. P. 49-58

Wang Guo Wei. Guifan, Tufan, Gun-I, Run, Di, Xian-yun history. Beijin. 1958

Wright J. The adoption of pastoralism in Northeast Asia: Monumental Transformation in the Egin Gol valley, Mongolia // Unpublished PhD dissertation. Harvard University. 2008

Wright J. Grammar and design: tools for reading khirigsuur. UB. 2014. Т.34. Fasc.12

Амартүвшин Ч., Цэлхагарав Ц., Монгол нутаг дахь хэрэхсүрийн судалга (Моңғол жеріндегі керексурлардың зерттелуі) // Studia archeologia (SA). Т.37. Fasc. 5. Улан-Батор, 2018. – С. 56-85

Бан Гу. Хроника династии Ранняя Хань. Хан шу Бейжін. 1958.

Баярсайхан Ж. Монголын хойт нутгийн буган хөшөөнүүд (Солтүстік Моңғолиядағы бұғытастар). Улан-Батор: Интерпресс ХХК-д хэвлэв, 2017. – 323 с.

Бернштам А. Н. Историческая правда в легендах об Огуз-кагане // Советская энциклопедия. 1935. №6. – С. 33-43.

Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена / Отв. ред. С.П. Толстов. Издание в трех томах. Том 1. М-Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1950. – 471 с.

Боровка Г.И. Археологическое обследование среднего течения р. Толы // Северная Монголия. Л.: 1927. – С. 96-114.

Вайнштейн С. И. История народного искусства Тувы. М.: Наука, 1974. – 214 с.

Волков В. В. Оленные камни Монголии. Улан-Батор: Б. и., 1981. – 253 с.

Гантулга Ж. Моңғолия жеріндегі қола және алғашқы темір дәуіріндегі мұралар. PhD атақ қорғаған еңбегі. Дижон (Франция). 2015

Гасанов З. Царские скифы. N.Y.Liberty Publishing House. New York. 2002. – 493 с.

Геродот. История (в девяти книгах). Т. IV. Перевод и примечания Г. А. Стратановского. Изд-во «Наука», Л., 1972.

Грязнов М. П. К вопросу о сложении культур скифо-сибирского типа в связи с открытием кургана Аржан // КСИА. №154 (Ранние кочевники). 1978. – С. 9-18.

Еженхан Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректері. Т. IV. Алматы, 2006. – 259 с.

Ельницкий Л. Д. Скифия евразийских степей. Новосибирск: Наука. 1977. – 254 с.

Закиев М. З. История татарского народа (этнические корни, формирование и развитие). М.: ИНСАН, 2008. – 221 с.

- Ковалев А. А. Древнейшие статуи Чемуручека и прилегающих территорий. СПб., 2012. – 158 с.
- Ковалев А.А., Эрдэнэбаатар Д. Исследования чемуручекских курганов в Булган самоне Ховдского аймака Монголии в 2003-2010 гг. Часть I. Древнейшие европейцы в сердце Азии: Чемуручекский культурные феномен: Результаты исследования в Восточном Казахстане, на севере и юге монгольского Алтая. СПб., 2014. – С. 235-406.
- Ковалев А. А. О происхождении оленных камней западного региона // Палеоэкология и палеогеография Евразии. М., 2000. – С. 160-166.
- Ковалев А. А. Проблема соотношения дат памятников культур бронзового века Монголии, полученных в результате применения различных методик радиоуглеродного датирования в 2000-2010-х годах // Радиоуглерод в археологии и палеоэкологии: прошлое, настоящее, будущее. СПб., 2020. – С.163-169.
- Кубарев В. Д. Олений камень с р. Чуй // Древние культуры Сибири и Тихоокеанского бассейна. Новосибирск. 1979. – С. 163-169.
- Кубарев В. Д. Древние изваяния Алтая (оленные камни). Новосибирск. 1979. – 120 с.
- Маннай-Оол М.Х. Оленные камни Тувы. Ученые записки ТНИИЯЛИ. Вып. 13. Кызыл, 1968. – С. 139-146.
- Маннай-Оол М. Х. Тува в скифское время. М., 1970. – 122 с.
- Новгородова Э. А. Древняя Монголия (Некоторые проблемы хронологии и этнокультурной истории) / Отв. ред.: С. Д. Дылыков, М. В. Горелик. М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1989. – 383 с.
- Новгородова Э. А. Карасукские традиции в рунносифском монументальном искусстве Монголии // Древний Восток. Вып. 1. М., 1975. – С. 286-291.
- Новгородова Э.А. Оленные камни и некоторые вопросы древней истории Монголии // Олон умын Монгол Эрдэмтэдийн II Их хурал. УЛАН-БАТОР, 1973. Том I. – С. 385-388.
- Радлов В. В. Атлас древностей Монголии. Труды Орхонской экспедиции. 1892-1899. [Вып. 1]. СПб., типография Императорской Академии наук, 1892. – 28 с.
- Савинов Д. Г., Членова Н. Л. Западные пределы распространения оленных камней и вопросы их культурно-этнической принадлежности // Археология и этнография Монголии. Новосибирск, 1978. – С. 72-84.
- Савинов Д. Г., Членова Н. Л. Северо-Кавказские оленные камни в ряду оленных камней Евразии // КСИА. 1980. Вып.162. – С. 5-9.
- Савинов Д. Г. Оленные камни в культуре кочевников Евразии. СПб., 1994. – 208 с.
- Савинов Д. Г. Карасукская традиция и «аржано-майэмерский» стиль // Материалы всероссийской научной конференции, посвящённой 70-летию со дня рождения Александра Даниловича Грача. СПб., 1998. – С.132-136.
- Савинов Д. Г., Урантугус С. Опыт типологии херексуров // Сборник научных трудов. Алтае-Саянская горная страна и история освоения её кочевниками. – Барнаул: АГУ, 2007. 258 с.
- Страбон. География (хрестоматия). Перевод и примечания В. В.Латышева. М., 1974.
- Сыма Цянь. Хунну баяны. 110 цзюань (бума).
- Талько-Грынцевич Ю. Д. Население древних могил и кладбищ Забайкальских // Бурятияведение. №1-3 (5-7). Верхнеудинск, 1928. – С. 3-4.
- Таскин В. С. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). [Выпуск первый]. Предисловие, перевод и примечания В.С.Таскина. – М., 1968. – С.129-130.

Turbat Ts., Gantulga J., Bayarkhuu N., Batsukh D., Turbayar N., Erdene-Ochir N., Banbold N., Tselkhagarav Ts Deer Stone Culture of Mongolia and Neighboring Regions. Monograph. Volume I, II, III. Ulaanbaatar 2021

Төрбат Ц., Эрдэнэболд Л. Дорвалжин булшны тархац түүний эздийн орчуулгын ёс, онцлог (төртбұрыш қабірдің таралымы және олардың иесін жерлеу жосындары, ерекшелігі) // Археологиялық анализ. Моңғолдардың шығу тегі, этномәдениеті. Улан-Батор, 2020. – С. 87-117

Толстов С. П. Военная демократия и проблема «генетической революции» // Проблемы истории докапиталистических обществ. – М., 1935. №97 – С. 73-41.

Худяков Ю. С. Херексуры и оленные камни // Археология, этнография и антропология Монголии. – Новосибирск, 1987. – С. 136-162.

Каржаубай Сарткожаулы

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан*

Распространение оленных камней и миграция скифов

Аннотация. В статье автор поднимает вопрос о том, где была первая прародина древних скифов, о путях их миграции на запад и кем были оставшиеся в Средней Азии те, кого греки называли «скифами», а персы «саками», и как они называли сами себя.

Прародиной скузов (скифов) более ранние исследователи считали Европу или Малую Азию, а их народом – персов. Скузы/саки оставили после себя 1551 балбал с петроглифами, около 8000 керексуров, несколько тысяч плиточных могил от Средней Азии до Черного моря и Крымского полуострова. Десятки тысяч петроглифов, найденных на Алтае, Саяно-Алтае, в Центральной Монголии и Сибири, вошли в научный оборот.

Автор, объясняя упомянутое историческое, культурное и духовное наследие, сосредоточил свои научные изыскания на оленных камнях как основном объекте исследования.

Древнейшие из упомянутых выше 1551 балбала на Евразийском континенте относятся к наследию Алтая. Анализы почвы места их расположения и найденных в них конских черепов позволили датировать их XIV-VI веками. В своей статье автор показывает, что помимо Алтайских, балбалы Чемирчека на Южном Алтае являются ярким тому подтверждением.

Ключевые слова: скифы; скузы; огузы; оленные камни; Центральная Азия; Алтай; миграция.

Karzhaubay Sartkozhauly

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Distribution of deer stones and migration of the Scythians

Abstract. In the article, the author raises the question of where the first ancestral home of the ancient Scythians was; the trajectories of their migration to the west; who were those remaining in Central

Asia peoples whom the Greeks called «the Scythians» and the Persians «the Saks» and how they called themselves.

Previously, researchers considered the Scythians' motherland to be Europe or Middle Asia, and Persians as their people. The Skuzi (Scythians) left 1551 steles with petroglyphs, about 8000 kereksurs, several thousand tile graves from Central Asia to the Black Sea and the Crimean Peninsula. Tens of thousands of petroglyphs found in Altai, Sayano-Altai, Central Mongolia and Siberia have entered the scientific turnover.

The author, explaining the mentioned historical, cultural and spiritual heritage, focused his research on these steles.

The oldest of the above-mentioned 1551 steles on the Eurasian continent refer to Altai. The analysis of the soil of their location and the horse skulls found in them allowed to date them to the XIV-VI centuries. In his article, the author shows that, in addition to the Altai ones, Chemirchek steles in Southern Altai are a vivid proof of this.

Key words: Scythians; Skuzes; Oghuzes; deer stones; Central Asia; Altai; migration.

References

Amartuvshin Ch., Tselkhagarav Ts., Mongol nutag dakh kherehsuriin sudalga [A study of the kereksurs in Mongolia]. (Ulaanbaatar, T.37. Fasc.5. 56-85(2018) [in Mongolian].

Bang Gu. Chronicle of the Early Han Dynasty. (Han shu Beijing, 1958). [in Chinese].

Bayarsaikhan Zh. Mongolyn khoйт nutgiin bugan khøshønyyd [Deerstones in Northern Mongolia]. (Ulaanbaatar, 2017, 323 p.) [in Mongolian].

Bernshtam A.N. Istoricheskaya pravda v legendakh ob Oguze Kagane [Historical truth in the legends about Oгуz Kagan] (№6, 33-43(1935) [in Russian].

Bichurin N.Ya. Sobraniye svedeniy o narodakh, zhivshikh v Sredney Azii v drevniye vremena [Collection of materials about the peoples who lived in Central Asia in ancient times] (Moscow-Leningrad, Volume 1, 471(1950) [in Russian].

Borovka G.I. Arkheologicheskoye sostoyaniye srednego techeniya r.Toly [Archaeological survey of the middle reaches of the river Tola] (Leningrad, 96-114(1927) [in Russian].

Vainshtein S.I. Istoriya narodnogo iskusstva Tuvy [History of folk art of Tuva] (Moscow, 1974, 214 p.) [in Russian].

Volkov V.V. Olennyye kamni Mongolii [Reindeer stones of Mongolia] (Ulaanbaatar, 1981, 253 p.) [in Russian].

Gantulga Zh. Mongoliyadagi qola jane erte temir dawirinin murasi [Bronze and Early Iron Age Heritage in Mongolia] PhD disseration. Dijon (France). 2015 [in Mongolian].

Hasanov Z. Tsarskiye skify [Royal Scythians] (New York, 2002, 493 p.) [in Russian].

Herodotus. History (in nine books) (Leningrad, 1972) [in Russian].

Gryaznov M.P. K voprosu formirovaniya kul'tur skifo-sibirskogo tipa v svyazi s otkrytiyem Arzhanskogo kurgana [On the question of the formation of cultures of the Scythian-Siberian type in connection with the discovery of the Arzhan mound] (№154 9-18(1978) [in Russian].

Ezhenkhan B., Oshan J. Kazakhstan tarihy turaly kytay derekteri [Chinese data on the history of Kazakhstan] (Almaty, V.IV, 2006, 259 p.) [in Kazakh].

Elnitsky L.D. Skifiya yevraziyskikh stepey [Scythia of the Eurasian steppes] (Novosibirsk, 1977, 254 p.) [in Russian].

Zakiyev M.Z. Istoriya tatarskogo naroda (etnicheskiye korni, formirovaniye i razvitiye) [History of the Tatar people (ethnic roots, formation and development)]. (Moscow, 2008, 221 p.) [in Russian].

Kovalev A.A. Drevneyshiye statui Chemurcheka i prilegayushchikh territoriy [The oldest statues of Chemurchek and surrounding areas] (St. Petersburg, 2012, 158 p.) [in Russian].

Kovalev A.A., Erdenebaatar D. Issledovaniya chemurchekskikh kurganov v Bulgan samone Khovdskogo aymaka Mongolii v 2003-2010 gg. [Research of Chemurchek mounds in Bulgan Samon, Khovd aimag of Mongolia in 2003-2010] (St. Petersburg, 2014, p.235-406) [in Russian].

Kovalev A.A. O proiskhozhdenii olennykh kamney zapadnogo regiona [On the origin of deer stones in the western region] (Moscow, 2000, pp.160-166) [in Russian].

Kovalev A.A. Problema sootneseniya dat pamyatnikov kul'tur bronzovogo veka Mongolii, poluchennykh v rezul'tate primeneniya razlichnykh metodik radiouglerodnogo datirovaniya v 2000-2010-kh godakh [The problem of correlating the dates of monuments of Bronze Age cultures in Mongolia, obtained as a result of the use of various radiocarbon dating techniques in the 2000-2010s] (St. Petersburg, 2020, pp. 163-169) [in Russian].

Kubarev V.D. Olennyi kamen' s r.Chuy [Reindeer stone from the Chui River] (Novosibirsk, 1979, pp.163-169) [in Russian].

Kubarev V.D. Drevniye izvayaniya Altaya (olennyye kamni) [Ancient sculptures of Altai (deer stones)] (Novosibirsk, 1979, 120 p.) [in Russian].

Mannai-Ool M.Kh. Olennyye kamni Tuvy [Reindeer stones of Tuva] (Kyzyl, 1968, pp.139-146) [in Russian].

Mannai-Ool M.Kh. Tuva v skifskoye vremya [Tuva in Scythian times] (Moscow, 1970, 122 p.) [in Russian].

Novgorodova E.A. Drevnyaya Mongoliya (Nekotoryye problemy khronologii i etnokul'turnoy istorii) [Ancient Mongolia (Some problems of chronology and ethnocultural history)] (Moscow, 1989, 383 p.) [in Russian].

Novgorodova E.A. Karasukkiye traditsii v runnoskifskom monumental'nom iskusstve Mongolii [Karasuk traditions in the Runo-Scythian monumental art of Mongolia] (Moscow, 1975, pp.286-291) [in Russian].

Novgorodova E.A. Olennyye kamni i nekotoryye voprosy drevney istorii Mongolii. [Deer stones and some issues of the ancient history of Mongolia] (Ulaanbaatar, 1973, pp.385-388) [in Russian].

Radlov V.V. Atlas drevnostey Mongolii. Trudy Orkhonskoy ekspeditsii [Atlas of antiquities of Mongolia. Proceedings of the Orkhon expedition] (St. Petersburg, 1892, Vol. 1, 28 p.) [in Russian].

Savinov D.G. Chlenova N.L. Zapadnyye predely rasprostraneniya olennykh kamney i voprosy ikh kul'turno-etnicheskoy prinadlezhnosti [Western limits of distribution of deer stones and questions of their cultural and ethnic affiliation] (Novosibirsk, 1978, p.72-84) [in Russian].

Savinov D.G. Chlenova N.L. Severo-Kavkazskiy olennyye kamni v ryadu olennykh kamney Yevrazii [North Caucasian deer stones among the deer stones of Eurasia] (№162, 5-9(1980). [in Russian].

Savinov D.G. Olennyye kamni v kul'ture kochevnikov Yevrazii [Reindeer stones in the culture of the nomads of Eurasia]. (St. Petersburg, 1994, 208 p.) [in Russian].

Savinov D.G. Karasukskaya traditsiya i «arzhano-mayemerskiy» stil' [Karasuk tradition and “Arzhan-Mayemer” style] (St. Petersburg, 1998, pp.132-136) [in Russian].

Savinov D.G., Urantugus S. Opyt tipologii khereksurov [Experience in the typology of Hereksurs] (Barnaul, 2007, 258 p.) [in Russian].

Strabo. Geografiya [Geography] (Moscow, 1974) [in Russian].

Sima Qian. Xiongnu. 110 juan [in Chinese].

Tal'ko-Grintsevich Yu.D. Naseleniye drevnikh mogil i kladbishch Zabaykal'ya [Population of Transbaikal ancient graves and cemeteries] (Verkhneudinsk, № 1-3, 5-7(1928) [in Russian].

Taskin V.S. Materialy po istorii khunnu (po kitayskim istochnikam) [Materials on the history of the Xiongnu (according to Chinese sources)] (Moscow, 1968, pp.129-130) [in Russian].

“Deer stone culture of Mongolia and neighboring” regions-1 (Ulaanbaatar, 2021, T.I, p.496) [in Mongolian].

Torbat.TS, Gantulga.J, Bayarkhuu.N, Batsukh.D, Batbold.N, Yderkhangai.T, Enkhbayr.G, Umurbek.B.

“Deer stone culture of Mongolia and neighboring” regions-II (Ulaanbaatar, 2021, T.II, p.424) [in Mongolian].

Torbat.TS, Gantulga.J, Bayarkhuu.N, Batsukh.D, Erdene-Ochir.N, Enkhbayar.G, Yderkhangai.T,

“Deer stone culture of Mongolia and neighboring” regions-III (Ulaanbaatar, 2021, T.III, p.442) [in Mongolian].

Torbat.TS, Gantulga.J, Bayarkhuu.N, Batsukh.D, Turbayar.N, Erdene-Ochir.N, Batbold.N, Tselkhagarav. TS

“Dorvalzhin bulshny tarkhats tuuniy ezdiin orchuulgyn yos”, ontslog [Dimensions and features of the translation of burial traces of the Dorvalzhinsky district (distribution of square graves and methods of burial of their owners, features)] (Ulaanbaatar, 2020, p.87-117) [in Mongolian].

Tolstov S.P. Voyennaya demokratiya i problema «geneticheskoy revolyutsii» [Military democracy and the problem of the "genetic revolution"] (Moscow, № 97, 73-41(1935) [in Russian].

Khudyakov Yu.S. Khereksuri i kamenolomni [Kereksurs and quarried stones] (Novosibirsk, 1987, pp.136-162) [in Russian].

Fitzhugh, W. (2009a) Pre-Scythian khirigsuurs, deer stone art, and Bronze Age cultural intensification in Northern Mongolia. In: Hanks, B. & Linduff, K. (Eds.) New research directions in Eurasian steppe archaeology: the emergence of complex societies in the Third to First Millennium BCE. Cambridge: Cambridge University Press, 2009: 378-411.

Fitzhugh, W. (2009b) The Mongolian deer stone-khirigsuur complex: dating and organization of a Late Bronze Age menagerie. - In: Bemmman, J., Parzinger, H., Pohl, E. & Tseveendorzh, D. (Eds.) Current archaeological research in Mongolia. Vor- und Frühgeschichtliche Archäologie. - Bonn: Rheinische Friedrich-Wilhelms-Universität, 2009: 183-199.

Fitzhugh, W., Bayarsaikhan, J. (2011) Mapping Ritual Landscapes in Bronze Age Mongolia and Beyond: Interpreting the Ideoscape of the Deer Stone-Khirigsuur Complex. -In: Mapping Mongolia: Situating Mongolia in the World from Geologic Time to the Present. Vol. 2. Paula L.W.Sabloff (ed.). - Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 2011: 166-192.

Fitzhugh, W., Kortum R., Bayarsaikhan, J. (2012). Rock Art and Archaeology: Investigating Ritual Landscape in the Mongolian Altai. Field report 2012. Washington. 2012

Frohlich, B., Amgalantugs, Ts., Littleton, J., Hunt, D., Hinton, J., Erdene, B., Dickson, M., Frohlich, T., Goler, K. (2008) Bronze age burial mounds (khirigsuurs) in the Khovsgol aimag, Mongolia: A reconstruction of biological and social histories. - Studia Archaeologica. Tom. XXVI(VI), Fasc. 6: 92-114.

Frohlich, B., Amgalantugs, Ts., Littleton, J., Erdene, B., Hunt, D., Nittler, E. Karstens, S., Frohlich, Th. and Galdan, G. (2010) An Overview of Theories and Hypothesis pertaining to Mongolian Bronze Age Khirgisuurs in the Khovsgol aimag, Mongolia. - *Studia Archaeologica*. Tom. XXIX(IX), Fasc. 6: 123-143.

Gantulga, J. (2013) Distribution and Study of Deer Stones in Mongolia. - *Great Migration of Peoples, Settlement of South-East Asia and Far East, 3000-2000 BCE*. International Conference, 2013, Seoul, 2013: 85-88.

Hildinger E. *Warriors of the Steppe: a military history of Central Asia, 500 B.C. to 1700 A.D.* New York: Sarpedon. 1997

Makhmud Kaşgari. *Divanü lugat-it-Türk. Tercümesi.* Çeviren Besim Atalay. T.I-III. Ankara. 1986

Minns E.H. *Scythians and Greeks: a survey of ancient history and archaeology on the north coast of the Euxine from the Danube to the Caucasus.* Cambridge: University Press. 1913

Takahama Shu. *Research of Ulan Uushig I (Uushigiin Övör) in Mongolia and newly acquired 14C data // Древние культуры Монголии и Байкальской Сибири. Центральная Азия и Прибайкалье в древности. Улан-Удэ, 2010. Вып.IV*

Taylor W., Bayarsaikhan Zh., Tuvshinjargal J. *Archaeozoology and horses transport in the Deer stone-Khirigsuur complex // Нүүдэлчдийн өв судлал. УЛАН-БАТОР, 2015. Т.XVI.Fasc.8*

Taylor W., Jargalan B., Lowry B., Clark J., Tuvshinjargal J., Bayarsaikhan Z. *Bayesian chronology for early domestic horse use in the Eastern steppe // Journal of Archaeological Science. 2017. pp.49-58*

Wang Guo Wei. *Guifan, Tufan, Gun-I, Run, Di, Xian-yun history.* Beijin. 1958

Wright J. *The adoption of pastoralism in Northeast Asia: Monumental Transformation in the Egin Gol valley, Mongolia // Unpublished PhD dissertation. Harvard University. 2008*

Wright J. *Grammar and design: tools for reading khirigsuur.* UB. 2014. T.34. Fasc.12

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Сартқожаұлы Қаржаубай – Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Мұңайтпасов к., 13/1, 404, 010000, Астана, Қазақстан

Sartkozhauly Karzhaubay – Director of the Research Center for Turkic and Altaic Studies, L. N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munitpassov str, 13/1, 404, 010000, Astana, Kazakhstan

Сартқожаұлы Қаржаубай – директор Научно-исследовательского центра тюркологии и алтаистики, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, ул. К. Мунайтпасова, 13/1, 404, 010000, Астана, Казакстан.



Сын-Пікір / Review / Рецензия

ҒТАХР 03.20

<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-158-163>

Сын-Пікір

«Ақ жол» көптомдығына сын-пікір. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. /Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020

Хазретәлі Тұрсун¹, Жадыра Дюсембекова²

¹Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан қ., Қазақстан

²Ташенов Ж. атындағы университеті вице-президентінің кеңесшісі. Шымкент қ., Қазақстан

(E-mail: *corresponding author* ²kzzhadyra@gmail.com, ¹tursunhazret@mail.ru)

Received 02.04.2024. Available online 30.06.2024.

For citation:

Tursun Kh., Dyusembekova Zh. Review of the multi-volume “Ak zhol”: “Ak Zhol” (newspaper). Multi-volume. / Compiled by Kh. Esenkarakyzy. – Nur-Sultan: Public fund “Alashorda”. 2020 // Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious studies – 2024. – Vol. 147. – No. 2. – P. 158-163. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-158-163>

Для цитирования:

Турсун Х., Дюсембекова Ж. Рецензия многотомника «Ақ жол»: «Ақ жол» (газета). Многотомник. / Составитель Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: общественный фонд «Алашорда». 2020. // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение – 2024. – Т. 147. – No.2. – С. 158-163. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-147-2-158-163>

1920-1926 жылдары жарық көрген «Ақ жол» газетінің 613 саннан тұратын тұтастай корпусы араб әрпінен кириллицаға транскрипцияланып, 25 том болып жарыққа шықты. Жинақтың жалпы көлемі 504 баспа табақты құрайды. Алматы, Ташкент, Самарқанд және Мәскеу қалаларының кітапханаларында сақталған газеттің 36 саны табылмағандықтан жинаққа енгізілмеген. Сол сияқты газеттің жанынан Ж.Аймауытовтың редакторлығымен шығып тұрған әдеби қосымшасы «Сана» журналының 6 саны да жинақта қамтылмай қалған. 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап жарық көре бастаған басылымның жалпы таралымы 3 мың данадан жиырма бір мың данаға дейін жеткен. «Ақ жол» газеті Түркістан республикасымен бірге Қазақ автономиялық республикасына кеңінен тарады. Тіпті астыртын жолдармен шет елге де таралғандығын М.Шоқайдың еңбектері арқылы білеміз. Газетте қазақ тіліндегі мақалалармен бірге қырғыз тілінде де мақалалар жарияланған. Газет бетінде қазақ халқымен бірге Түркістанды мекендеген бауырлас ұлттардың да көкейкесті мәселелерінің талқылануы, қазақ авторлармен бірге түркмен К.Бөриев, қырғыз И.Арабаев сияқты өзге ұлттар зиялыларының қатысуы басылымға халықаралық сипат берген.

Аталған жинақтың жарық көруі кездейсоқ құбылыс емес. Өйткені бұл жұмыстар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында атқарылған көптеген жұмыстардың бір парасы және заңды жалғасы еді. «Ақ жол» газеті араб әрпімен жарық көргендіктен еліміздің мәдени өмірінде орын алған әліпбилерді ауыстыру салдарынан бүгінгі оқырманға қолжетімсіз болып келді. Басылымның мәдени, рухани, саяси маңызы бар деректері араб әрпін танитын аз ғана ғалымдар тобының зерттеуімен шектеліп келді.

Жинақты құрастырып, баспаға әзірлеген Ханбибі Есенқарақызы ХХ ғасырдың 20-жылдары еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің жаршысы болған басылымды мәдени мұра ретінде елдің игілігіне айналдыруды бұрыннан қолға алған еді. Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры ретінде осы іске бастамашыл болған Х.Есенқарақызы 2011-2016 жылдары «Ақ жол» газеті жинағының 10 томын жарыққа шығарған болатын. Түрлі себептермен жалғасын таппаған осы шараны Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми-зерттеу институты (директоры Сұлтанхан Аққұлы) қолға алып, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша жарыққа шығарды.

Жинаққа Х. Есенқарақызы, Д. Қамзабекұлы, М. Қойгелдиевтер («Ақ жол», 2020: Т. 1. 5-25 бб.) алғысөз жазып, басылымның тарихын тарқатып, басылымның қазақ руханиятындағы орны мен рөліне баға берген.

Қазақұлттық басылымдарының көшбасшысына айналған «Қазақ» газеті 1918 жылдың 16 қыркүйегінде ең соңғы 265 санынан соң өз шығуын тоқтатса, 1920 ж. желтоқсаннан бастап жарық көре бастаған «Ақ жол» газеті «Қазақ» көтерген алаштық идеяның жығылған туын іліп әкеткендей еді. Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы халықпен жүргізетін идеологиялық жұмыстар кешенінің бірі ретінде 1920 ж. 19 қазандағы мәжілісінде «Қырғыз газеті туралы» мәселе қарап, ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде «Ақ жол» газетін шығаруға; газетті аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспа табақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа Сұлтанбек Қожановты, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатовты тағайындайды (Архив Президента Республики Узбекистан (әрі қарай (АП РУз) Ф. 60. Оп. 1. Д. 421. Л. 194-194]. Газеттің алғашқы саны 1920 ж. 7 желтоқсанында жарық көрді. Осы кезде редакция құрамында Иса Тоқтыбаев, Хасан Алиев, Абдулла Байтасов, Қоңырқожа Қожықов, Хади Илаев, Ғабит Алпаров сияқты Түркістан өлкесіне танымал зиялылар қызмет істеген.

1920-24 жж. ТКП ОК және Түркаткомның баспасөз органы ретінде жарық көрген «Ақ жол» газетіне алғашқы санынан бастап Сұлтанбек Қожанов редакторлық жасады. С.Қожановтың Ағарту, Жер істері халкомы лауазымында республика көлеміндегі қоғамдық-саяси процестерге белсене араласуы оның газет редакторлығымен тікелей айналасуына мүмкіндік бермегені байқалады. Газетке Түркістан өлкесінде жоғары лауазымдарда қызмет істеген Нәзір Төрқұлов (№166-191 сандары), С. Асфендиаров (№192-215), Сәдуақас Оспановтар (№239-270) негізгі қызметтерінен қол үзбей редакторлық жасады. Біршама уақыт (№271-305) газетті Жазушылар ұйымы (Түркістан

Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің құрамында құрылған ұйым. Қазақ Жазушылар Одағының ізашары – авт.) шығарып тұрды. Сол кезең үшін бұл баспасөздегі ұйымдастырушылық ізденіс түрінің бірі болатын. Кейінгі кезде газетке Иса Тоқтыбаев, Қазмұхан Кулетов, Е. Байғасқаұлы, Шәймерден Тоқжігітұлы, М. Қайыпназаров, Жүсіпбек Арыстанұлы редакторлық жасады. Газет материалдарынан редакторлардың саяси көзқарасы, азаматтық ұстанымы, әдеби талғамы, бір сөзбен айтқанда қолтаңбасы анық байқалып тұрады. 1926 жылы 15 наурызда басылымның ең соңғы 613-саны жарыққа шықты. Партиялық билік баспасөзге қатаң бақылау орнатқанда газет мазмұны ұлтжанды рухы мен зиялы қауымға арналған саяси-әлеуметтік мәртебесінен айырылып, пролеткульт үлгісіндегі жұмысшы-шаруа басылымының қалпына түсті. Оның үстіне ұлттық-аумақтық межелеу барысында республикалық мәртебесінен айрылған газетке Қазақ автономиялы республикасының жоғарғы билігі тарапынан ешқандай көңіл бөлінбеді.

Газеттің жабылуы И. Сталиннің Қазақ Өлкелік Комитетіне жолдаған 1925 жылғы хатымен байланыстырылады (Махат, 2007: 116-120). Сталиннің осы хаты ұлттық баспасөзде партиялық цензураны орнықтырумен бірге алаштық зиялыларды биліктен ығыстырып, саяси қуғындауға идеологиялық негіз қалап берді. «Ақ жол» газетінің жабылуы тұтастай тарихи процеске айналды (Тұрсұн, 2013: 316-352). «Ақ жол» газетінің ұлтшылдық бағытын айыптап, өзінің саяси күресінің дәлелі ретінде пайдалануға Әліби Жангелдиннің жол салып бергендігі де тарихи дәйек. Осыған байланысты Д.Аманжолова мынадай деректі ұсынады: «Для таких же верных ленинцев-сталинцев и давних врагов Алаш, как А.Джангильдин, сам факт участие в демократической национальной печати меньшевистского направления служил верным доказательством контрреволюционности, о чем он доносил В.И. Ленину в апреле 1921 г., касаясь биографии Н. Тюрекулова и С. Ходжанова – руководителей Советского Туркестана» (Аманжолова, 2009: 96).

С. Қасқабасов «тарихымыздың осынау қаралы беттерінде И. Сталиннің «Ақ жол» газеті туралы хатының ел ішінде зобалаң туғызған сүреңсіз рөлі әлі де нақты айқындала қойған жоқ. Мұны терең зерттеу осы хаттың ауыр салдарына ғылыми баға беру тарихшыларымыздың үлесі» (Қасқабасов, 1993: 90) деген тұжырым ұсынады. 25-томдық жинақтың жарыққа шығуы отандық тарихнамадағы осы олқылықтың орнын толтырады және тарихи танымды жаңалайды деп ойлаймыз.

Ұлттық баспасөз мәдениетін қалыптастырып, жанрларын ұшқырлауда үлкен тәжірибе мектебіне айналған басылымның құрылымы айдарларға бөлінген. Атап айтқанда «Басқармадан», «Ішкі хабарлар», «Сыртқы хабарлар», «Бұйрық-жарлықтар», «Әйел теңдігі», «Жастар арасында», «Ресми бөлім», «Елден», «Баспашылар тарихы», «Жарнама» деп аталған айдарлар газет материалдарын жүйелеп, біріздендіріп ұсынып отырған. Жинақты құрастырушылар осы айдарлардың арасынан тек «Жарнама» айдарымен жарияланған материалдарды қосалқы деректер қатарына қосып, жинаққа енгізуден тартынған екен. Өлкенің күнделікті өмірінің тарихы үшін аса маңызды дереккөз болып

саналатын бұндай материалдардың енгізілмеуі жинақ мазмұнының толықтығына нұқсан келтіреді.

Құрастырушылар жинақтың әр томына түсініктеме беріп, газеттің шығарылымына қатысқан авторлардың есімдері мен бүркеншік аттарының тізімін, басылым материалдарында кездесетін қысқарған және сырттан енген сөздер мен ұғымдар сөздігімен қамтамасыз етуі еңбектің ғылыми әлеуетін арттыра түскен. Көптеген мақалалардың бүркеншік есімдермен жарияланғандығын ескерер болсақ, жинақта авторлардың бүркеншік есімдеріне анықтама берілгені оның ғылымылығын арттыра түскен болар еді. Мәселенің мұқият ізденісті қажет ететіндігін ескерер болсақ, бұл шаруа алдағы уақытта жүргізілетін арнайы зерттеулердің еншісіне тиетін жұмыс деп білеміз.

Газетке қатысқан авторлардың жаңа қоғамда ұлттық құндылықтарды таптық құндылықтардан жоғарғы қойған саяси және мәдени бағыт-бағдары газеттің саяси-идеялық мазмұнын айқындаған. А. Байтұрсынов, Н. Төреқұлов, Ғ. Бірімжанов, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Қ. Қожықов, Қ. Кемеңгерұлы, М. Әуезов, Қ. Болғанбаев, Қалжан және Әуелбек Қоңыратбаевтар, А. Байтасов, Қ. Басымов, Ш. Сарыбаев, Б. Сүлеев, Е. Байғасқин, С. Баймаханов, Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмин Жүсіпов, Ж. Арыстанов сияқты көптеген ұлтжанды қаламгерлердің тұрақты автор болып қатысуы да газеттің ұлттық өзегін нығайта түскені олардың ұлттық идеяны тұжырымдаған және насихаттаған өзекті мәселелер көтерген мақалаларынан айқын аңғарылады. Газетті шығаруға қатысқан авторлар құрамының саяси-идеологиялық ұстанымдары мен ұлттық құндылықтарды ұлықтаған азаматтық позициясына қарап басылымның шын мәнінде Түркістандағы алаштық үлгідегі ұлттық элитаны топтастырушы идеялық орталыққа айналғандығын танытады. Газеттің бағыт-бағдарынан «Қазақ» газетінің өнегесі және көптеген кедергілерге қарамастан оны алты жыл бойы жарыққа шығаруды ұйымдастырған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтардың тікелей ықпалы анық аңғарылады. Оның үстіне М. Дулатовтың газетте жауапты хатшы болып жұмыс атқаруы да үлкен рөл атқарған. Бұл жөнінде Т. Рысқұлов И. Сталинге 1924 жылы жазған хаттарында да «Ақ жол» газетінің бас мақалалары мен негізгі мақалаларының бәрін дерлік Дулатов жазды», «Түркістандағы қырғыз халқына саяси және рухани ықпал қазір алашордалық қайраткерлердің қолында» (Российский Государственный Архив социально-политической истории (бұдан әрі – РГАСПИ Ф. 17. Оп. 85. Д. 77. Л. 237, 244) деп көрсетеді.

Аталған жинақтағы авторлардың жарық көрген мақалаларына талдау жасай отырып, олардың тікелей атқарған лауазымдық қызметтеріне қосымша газет жұмысына белсене араласуы өлкеде ұлттық идеялардың қалыптасуы мен насихатталуына билік басындағы Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендиаров сияқты қайраткерлердің қолайлы саяси жағдай туғызғандығына байланысты іске асқанына көз жеткізеді. Авторлардың өлкедегі ұлттық мәселелерді жан-жақты көтеріп, ұлттық идея қалыптастырған шығармашылығы Түркістандағы қалың қазақ бұқарасына жол тартып, қолдау тауып, үкіметтік деңгейде саяси шешімдердің қабылдануына ықпал ете алғаны аңғарылады.

Түркістанда «Ақжол» газетінің халыққа кеңінен танымал болуы оның «Қазақ» газетінің ұлттық бағыттағы идеялық дәстүрін жалғастыруына байланысты қалыптасты. 1923 жылы 4 ақпанда «Ақ жол» газеті А. Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойына басқарма атынан мақала берген. Осы санда М. Әуезовтің «Ақаңның 50 жылдық тойы (юбейі)» атты мақаласында «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын» («Ақ жол», 2020: Т. 10, 27 б.) деп берген бағасын осы ізгі дәстүрлерді кеңестік билік жағдайында жалғастырған «Ақ жол» газетіне де қатысты айтуға болады. Бес жылдан астам шығып тұрған газеттің танымал болуы оның тілінің жатықтығымен, төте жазуда жарық көруімен ғана емес, газет бетінде көтерген мәселелерінің «Қазақ» газеті сияқты ұлттық мүддені ұлықтаған өткірлігінен, халықтың көңіліндегіні тап басып айтуынан еді.

«Ақ жол» газеті өлкедегі ұлттық идеяның генераторына айналғаны аңғарылады. Басылымда өлкедегі ұлттық элита өкілдерінің көтерген және насихаттаған ұлттық идеяларын былайша жіктеуге болады: халық ағарту ісі; мәдениет саласы; тіл және тарих мәселесі; әдебиет пен өнер; шаруашылық жүргізуді модернизациялау; билік құрылымдарын жергіліктендіру; жер-су реформасы; ескі әдет-ғұрыптардан арылу; әйел теңдігі мәселесі; ғылымды дамыту; ұлттық-территориялық тұтастық идеясы. Газет бетінде осы ұлттық идеяларды ғылыми және саяси тұрғыда негіздеген көптеген материалдар бұл күнде қоғамдық ойдың даму тарихын ғылыми қалпына келтіруде аса құнды тарихи дереккөзді құрайды. Айталық, биыл 100 жыл толатын ұлттық-территориялық межелеу науқаны бойынша «Ақ жолда» С. Қожанов, С. Сейфуллин, Т. Жүргенов, С. Меңдешов, С. Асфендиаров, Қ. Қожықов, І. Құрамысов, М. Наурызбайұлы, Қ. Қоңыратбаев және т.б. ұлт зиялыларының көптеген саяси, ғылыми, танымдық мақалалары жарияланған. Ол жарияланымдардың басты ұстанымы қазақ елі мен жерінің тұтастығын қалыптастыруға қызмет ету болды. Сол мақалалардың арасында Қ. Қожықовтың «Түркістан республикасын жаңа аудандарға бөлу» атты мақаласы («Ақ жол», 2020: Т. 14, 231-234; 250-253 бб.) ұлттық-территориялық межелеу тарихын ғылыми қалпына келтіруде аса құнды дерекке айналып отыр.

Газет бетінде жиі көтеріліп, саяси маңыз алған тақырыптардың бірі қазақ халқының ұлттық және территориялық бірлігі, саяси орталық таңдау мәселесі еді. Осы тақырыпқа қатысты жарияланымдардың қатары да аса мол.

Осы тарихи процесті идеядан нақты іске асыру миссиясын атқарған тұлғалардың алдыңғы қатарында болған С. Қожанов «Еңбек жұртшылығы бәрін жеңеді» мақаласында («Ақ жол», 2020: Т. 18, 72-74 бб) «Шекара аспаннан белгіленбейді. Жерден белгіленеді. Әр ұлт өз қонысын сақтап қалып, сол қоныс қылған жерлерін мемлекет деп жариялайды. Қазақстан аспанда емес, жерде болмақ. Қазақ ұлты қоныс қылып пайдаланып отырған жердің барлығы Қазақстан мемлекетіне кірмек» деп жасаған тұжырымы оның жеке тұлғалық көзқарасы емес, мемлекеттік ұстаным екендігін танып білеміз.

Басылымның редакторлары мен авторларының барлығының дерлік 20-30 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырауының өзі көп жайттан хабар береді. Жинақтың деректері ұлттық мемлекеттілік құру мен қалыптастыруға қызмет еткен қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметтерін ғылыми қалпына келтіріп, шығармашылық мұрасын жинақтауда, еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени-рухани дамуы тарихымен бірлікті тұлғаландыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, «Ақ жол» жинағының басты жетістігі ретінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы Түркістан өлкесінің, еліміздің күнделікті өмір тарихының құнды деректерін ғылыми айналымға ұсынуы деп бағаланады. Осыдан келіп жинақтың қолданбалық маңызы анық көрінеді. Атап айтқанда, жинақ қоғамдық ғылымдар саласы бойынша тарихи танымды жаңалайтын тақырыптық, желілік зерттеулерде пайдаланылатын ғылыми дереккөз кешені ретінде зерттеушілер қауымы кеңінен қолданатын болады.

Әдебиеттер тізімі

«Ақ жол» (газеті). Көптомдық. /Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры. 2020

Махат Д. «Ақ жол» газеті неге жабылды! //Алаш. Тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. №6(9) 2007. – 116-120 бб.

Түрсүн Х. Алаш һәм Түркістан. Монография. – Алматы, «Ел-шежіре» ҚҚ. 2013. – 400 б.

Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана.-Алматы: Издательский дом «Таймс», 2009. – 412 с.

Қасқабасов С. «Ақ жол» газеті туралы. «Ақиқат». 1993. №1. 89-92 бб.